



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстанның 10 өңірінде инфляция баяулады

Астана қ.

2025 жылғы 18 қараша

Қазанда елде жылдық инфляция 12,6% болды (қыркүйекте – 12,9%).

Жылдық инфляция 10 өңірде баяулады, 6 өңірде жеделдеп, 4 өңірде бұрынғы деңгейде қалды.

Қазанда **азық-түлік тауарларының** бағасы жылдық мәнде 13,5%-ды құрады (қыркүйекте – 12,7%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (16,7%) әлдеқайда жоғары, ал Алматы қаласында (10,4%) мейілінше төмен өсті.

Қазан айының қорытындысы бойынша **азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы жылдық мәнде 11,0% болды (қыркүйекте – 10,8%). Ең жоғары мән Ақтөбе облысында (14,0%), ең төменгі мән Алматы қаласында (8,5%) тіркелді.

Қазанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасының өсу қарқыны жылдық мәнде 12,9%-ға дейін баяулады (қыркүйекте – 15,3%). Сонымен қатар Қызылорда облысында (8,6%) жалпы республикалық деңгейден баға біршама төмен өсті.

Қазанда ел көлемінде **айлық инфляция** 0,5%-ға өсті.

Толық ақпарат: Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz